



Агентство Республики Казахстан  
по регулированию и развитию  
финансового рынка



ASSOCIATION OF  
FINANCIERS OF  
KAZAKHSTAN



International  
Finance Corporation  
WORLD BANK GROUP

Creating Markets, Creating Opportunities

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2022 жылдың 16 қарашасы

### **KASE "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" Халықаралық конференциясын өткізді**

2022 жылдың 16 қарашасында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа немесе KASE) Қазақстан қаржыгерлерінің X Конгресі шеңберінде "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" атты халықаралық конференциясын өткізді.

Конференцияның бірлескен ұйымдастырушылары: Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (UNEP).

Қазақстан мен жақын және алыс шет елдердің қаржы нарығының сарапшылары үшін пікірталас алаңына айналған конференцияда ESG қағидаттарын енгізу мәселелері талқыланды: тұрақты даму жобаларын қаржыландырудың жаһандық трендтері, реттеуді дамыту, корпоративтік ESG-стратегиялары және бизнесті трансформациялау, сондай-ақ ESG-ақпаратты ашу саласындағы озық тәжірибелер, жасыл қаржыландырудың қолжетімді құралдары, Орталық Азия мен Қазақстандағы ESG-жобалар және басқа да өзекті тақырыптар.

"Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі таңда ESG қағидаттарына сәйкестік компаниялардың тұрақты дамуында және олардың қорландыру көздерін әртараптандыру қабілетінде барған сайын маңызды рөл атқарады. ESG талаптары мен принциптеріне сәйкес келетін жобаларды инвесторлар көбірек қолдайды. Атап айтқанда, Climate Bonds Initiative деректері бойынша ағымдағы жылдың үшінші тоқсанының соңында шығарылған ESG қарызы мен өтпелі облигациялардың әлемдік көлемі 3,5 трлн АҚШ долларынан асты, – деді KASE Басқарма Төрайымы Алина Алдамберген, - Қазақстанда орнықты даму мақсаттарын іске асыру және ESG критерийлерін енгізу стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Биржа 8 жылдан астам уақыт бойы БҰҰ-ның "Тұрақты биржалар" бастамасына қосылған бүкіл әлем бойынша бірнеше ондаған биржалардың бірі бола отырып, қазақстандық биржалық нарықта ESG күн тәртібін дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Бүгінгі іс-шараны біз бизнес, қаржы ұйымдары мен сарапшылар арасындағы диалог алаңы ретінде ұйымдастырдық. Бұл біздің еліміздегі тұрақты жобаларды дамытуда бизнес-идеялар мен қаржы ресурстарының синергиясына қол жеткізу үшін платформа болады деп үміттенеміз".

Іс-шара бағдарламасына пленарлық отырыс, панельдік пікірталастар және практикалық воркшоптар кірді, онда 40-тан астам танымал спикерлер ESG мәселелері бойыншасараптамалық пікірлерімен бөлісті. Конференцияға мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдардың басшылары, корпоративтік сектордың, даму институттарының өкілдері және халықаралық сарапшылар қатысты.

Конференцияда құттықтау сөзді: Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова, Қазақстан Республикасынан Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (Министр) Бақытжан Сағынтаев, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы Кеңесі Төрағасының Бірінші орынбасары Ирина Кушнарцева және атқарушы директордың орынбасары және тұрақты қаржыландыру жөніндегі басшысы, ICMA – Николас Пфафф сөйледі.

Конференцияны "ESG – болашақтың күн тәртібі" тақырыбында пленарлық пікірталас ашты, оның барысында спикерлер бизнестің тұрақты дамуының өзекті құралдары мен индикаторларын, "жасыл" қаржыландыруды тартудың артықшылықтары мен ерекшеліктерін және жауапты инвестициялау тәжірибесін талқылады. Олар сондай-ақ ESG инвестицияларына деген қызығушылықтың артуы дамушы нарықтар үшін тұрақты қаржыландырудың кеңейтілген және жетілген экожүйелерін құру мүмкіндігі екенін атап өтті.

Қатысушылар сондай-ақ өткен жылы Қазақстанда "жасыл" қаржыландыру үшін барлық қажетті құқықтық орта қалыптасқаны туралы ақпаратпен бөлісті: жаңа Экологиялық кодекс қабылданды, оның шеңберінде қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін арттыруға, энергияны үнемдеуге, климаттың өзгеруін азайтуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған "жасыл" жобалардың Таксономиясы енгізілді.

Заңнамалық деңгейде "жасыл" облигациялар, "жасыл" несиелер және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, "жасыл" қаржыландыру ұғымдары белгіленген. Осы жылдан бастап ESG облигацияларын шығару және тексеру мәселелері заңнамалық түрде шешілді". 2015 жылы БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасына қосылған KASE үшін бүгінде бұл дамудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Биржа өз қызметінде ESG қағидаттарын ұстана отырып, оларды ел экономикасына жан-жақты ілгерілетеді.

"ESG бизнесті трансформациялау" панельдік талқылауында осындай трансформацияның қажеттілігі, сондай-ақ компания үшін ESG-стратегиясын енгізудің тиімділігі мәселелері көтерілді. Қатысушылар бүгінде бизнесті дамыту үшін ESG-ді қолдау бойынша қандай бастамалар бар екенін білді.

"Жауапты инвестициялау: инвестициялау стратегиясындағы жаңа ESG парадигмасы" атты келесі панельдік пікірталастың спикерлері бизнеске деген көзқарастарын қайта қарауға шақырды. Қатысушылар қаржы нарығында жауапты инвестициялау принциптерін енгізуді ынталандыру не үшін қажет екенін, қаржы ұйымдары оны ілгерілетуге қалай қатыса алатынын білді, бұл инвесторлар үшін жауапты инвестициялардың критерийі болып табылады. Бұл процесті бағалау және бақылау жақын арада құрылуы жоспарланып отырған Ұлттық рейтингтік ESG агенттігі жүзеге асырады.

ESG қағидаттарын банктік қаржыландыруға енгізу, рейтингтер беру және сенім деңгейін бағалау мәселелері, сондай-ақ бірнеше табысты жобаларды көрсете отырып, ESG қаржыландыруға практикалық тәсілдер "ESG қаржыландыру" панельдік пікірталаста талқыланды.

Төртінші панельдік пікірталасқа қатысушылар Орталық Азия мен Қазақстанда ESG күн тәртібін қабылдауға дайындығын бағалады, ESG бизнесті қаржыландыру құралдарының мүмкіндіктерімен танысты, Қазақстан мен өңірде тұрақты жобаларды іске асырудың ағымдағы мәселелері мен проблемаларын, сондай-ақ жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктері мен көздерін талқылады.

Іс-шараны екі воркшоп аяқтады. Біріншісінде "ШОБ сегментін жасыл қаржыландыруға жәрдемдесу" туралы сөз болды. Спикерлер тұрақты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде кәсіпкерлерді қалай тарту керектігі, ШОБ үшін "жасыл" қаржыландырудың қандай құралдары тиімді болуы мүмкін екендігі, ШОБ-тың "жасыл" қаржыландыруға қол жеткізу проблемаларына тоқталды.

"ESG ақпаратын ашу: халықаралық стандарттарға ұмтылу" тақырыбындағы екінші воркшоп "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" халықаралық конференциясының қисынды қорытындысы болды. Қатысушылар жасыл күн тәртібіне әсер ететін реттеу процесін, қалай түсіндіру керектігін, ESG рейтингтері және нарықтық сынақтарға жауап беру және "жасыл жылыстату" мәселелерін талқылады. ESG ақпаратын және қаржылық емес ақпаратты ашу әдістемесі туралы әңгімелесті.

Конференция гибриді форматта – офлайн және онлайн өтті– және аудиторияны барынша қамту үшін үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде таратылды.

Конференцияға 800-ден астам адам, олардың ішінде мемлекеттік компаниялардың, қаржы, энергетика және IT секторларының өкілдері, кәсіпкерлер, сарапшылар, аудиторлық және консалтингтік компаниялардың өкілдері қатысты.

## **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында тұр. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)